

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекетік университеті
Дене тәрбиесі және спорт факультеті
Жалпы педагогика және музыкалық білім кафедрасы

Алғашқы ұлттық мектептер

Орындаған: Рысбай С.

Тобы:ФК-15-2к2

Қабылдаған:Нуридинова Г.

- Орыс қазақ мәдени қатынастары Қазақстанның Ресейге қосылуының басталуымен байланысты. Осы тарихи оқиғамен қазақ халқының арасында діни емес білім берудің тарауының алғашқы қадамдары байланысты болып табылады.
- ХҮІІІ ғ. орыс дворяндарының жағдайының артуымен осы таптың мақсаты үшін білім беру саласында көптеген шараларды іске асырғаны белгілі. Мәселен, 1741 жылы құрылған әскери кадет корпусы жабық сословиелік-дворяндық оқу орындарының бастамасы болды. Олар дворян балаларын әскери және азаматтық аймақтарында, оның ішінде Қазақстанда, ағарту ісін таратуда белгілі әсер қорытындысын өтеуге даярлауды қамтамасыз ету қажет болды.
- Дворян мәдениетінің орталықтарының бірі бола отырып, кадет корпусы Ресейдің ұлттық шет етті.

- 1744 жылы Орынборда татар мектебі ашылды, онда әскери лауазымды адамдардың балалары оқыды. Бұл мектепті бітіргеннен кейін кеңсе қызметкерлері, кеден ісі чиновниктері және аудармашылар мамандықтары бойынша қызмет атқарады.
- Осы мақсатта 1786 жылы Омбыда «азиялық мектептің» негізі қаланды. 1836 жылы «азиялық мектеп» жабылып қазақ балалары үшін мұсылман мектебі ашылды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан қалаларында әскери училищелер ұйымдасты, оған қазақ ақсүйектері мен байларының балалары қабылданды.
- 1813 жылы Омбыда Сібір казактарының әскери училищесі ашылды, ал 1927 жылы Орынборда-Неплюев әскери училищесі жұмыс істеді.
- Сөз жоқ, осындай әскери училищелердің құрылуы белгілі мақсатты көздеген болатынды. Патша өкіметі ең алдымен ақсүйек сұлтандардың, байлардың және әкімшілік аппаратының чиновниктерінің және әскери мекемелердің Қазақстанда патша өкіметінің отарлау саясатын жүргізуге қабілетті балаларынан даярлауға ұмтылды.
- Орынбор және Омбы әскери училищелері қазақтардың үстем тап өкілдерінің арасында орыс мектебіне және орыс біліміне деген қызығушылық арта түсті. Орынбордағы Неплюев әскери училищесі Омбыдағы Сібір казактарының әскери училищесі кейіннен Орынбор Неплюев және Омбы кадет корпустарын құруға негіз болды. Олар Қазақстанда орыс білімін таратуда ерекше роль атқарды.
- Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусы 1844 жылы ашылса, Омбы кадет корпусы 1847 жылы ашылған болатынды. Әскери училищелерді кадет корпустарына айналдырудың негізгі себебі «құрметті қазақтардың» арасынан Ресейге қосылған қазақ даласын басқару үшін сауатты, оқыған адамдарға деген қажеттіліктің артуына байланысты болып табылады.

□

- Бөкей Ордасын зерттеуші ғалымдар А.Харузин, А.Евренов, Г.С.Карелин, В.Ф.Шахматов, А.Е.Алекторов, С.М.Граменицкий және т.б.өз еңбектерінде осы өлкенің халық ағарту ісін дамыту тарихы туралы көптеген бай материалдар береді.
- Бөкей ордасында Ресеймен экономикалық және саяси байланыстың күшеюі де сауатты адамдарды көптеп қажет етті. Бөкей ордасының ханы Жәңгір ел басқару ісіне білімді жастарды кеңінен қатыстыра отырып, ескі рулық, старшиналық, сұлтандық басқару жүйесінің түп тамарына балта шабуды ойлады. Сондықтан да ол өз саясатын жүзеге асыруды білімді жастарға арқа сүйеуді қажет деп тапты.
- Бөкей Ордасының білім беру тарихын зерттеген белігілі қазақстандық ғалымдар Т.Тәжібаев, С.Зиманов, Г.М.Храпченков, А.И.Сембаев, Қ.Б.Бержанов және т.б. негізінен, Қазақстанның Ресейге қосылуы прогрессивті және ерікті үрдіс ретінде көзқарас тұрғысынан қарастырылып, аймақтағы білім беру мәселесі біржақты зерттелді. Сонымен қатар көптеген тарихи мәселелер бұрмаланып түсіндірілді, әсіресе тарихи тұлғалардың алатын орнын, еңбектерін бағалауда ескі идеологияға негізделген көзқарасқа және әдіснамаға сүйенілді.

- Тарихи тұлғалар ел билеген хандар мен билерді қолына қару алып ел қорғаған батырларды, еліне білім мен нәрін себуде ерекше еңбек сіңірген ойшылдар мен ағартушыларды атап айтқанда, Жәңгір ханның, Мақаш Бекмұхамедовтың жеке басы, халыққа білім берудегі сіңірген еңбектері ескерілмей біржақты бұрмаланып, таптық тұрғыдан баға берілді.
- Батыс өңірінде, оның ішінде Бөкей Ордасында, белгілі қоғам қайраткері, ағартушы демократ жан-жақты ғұлама ғалым.
- Мақаш та Шоқан сияқты қазақ халқының тарихында өз елінің болашағын дұрыс болжап, сеніммен алға қараған, езілушілердің мүддесін қорғаған тұңғыш ағартушы-демократтардың бірі болды. Олардың білім алған ортасы мен өмір сүрген кезеңі бір мезгіл. Егер Шоқан 1846-1853 жылдары Омбы кадет корпусының алғашқы түлегі болса, ал Мақаш 1844 ашылған Орынбор кадет корпусында 1844-1851 жылдары оқып бітірген, осы оқу орнын алғаш бітірген 7 қазақ баласының бірі болды. Орынбор кадет корпусын тәмәмдағандардың ішінде кейін белгілі ғалым, қоғам қайраткері аз болған жоқ. Кадет корпусында Мақаш Бекмұхамедовпен бірге Мұхамбет-Салық Бабажанов, Бөкейханов Арыстангерей, Сұлтанмахмұт Жантөрин, Мырзағали Саңғырықов, Жүсіп Ниязов, Зұлқарнай Нұрлыханов сияқты қазақ халқының белгілі перзенттері оқыды.
- Мақаш Бекмұхамбетов пен Мұхамед-Салық Бабажанов екеуі корпусты үздік бітірді.

- Қазақ даласында қазақ мектептерін ашу туралы бастама тек ғана отарлау саясатын көздеген патша өкіметі тарапынан шыққан жоқ, сонымен қатар қазақтың белгілі атқа мінерлері, ру басылары, орысша оқыған, білім алған өкілдерінен шыққан болатын-ды.
- Мәселен, өзі орысша білім алған, Ішкі Орданың ханы Жәңгір Бөкеевтің тікелей араласуымен 1841 жылы Хан Ордасында, Ордада екі сыныптық бастауыш мектеп ашылды. Алғашында мектеп 25 балаға арнап салынған болатынды. 1848 жылға дейін мектеп Жәңгір ханның қаражатының есебінен жұмыс істеді. Ел ішінде бұл мектеп «Жәңгір мектебі» деп аталған. 1848 жылдан бастап, бұл мектеп Халық ағарту министрлігінің қаражатына көшіріліп, екі сыныптық училище дәрежесіне теңестірілді.
- Мектептің негізгі міндеті – мектептің қазақ балаларын Орынбор Неплюев кадет корпусына, гимназияларға және басқа да оқу орындарына түсу үшін даярлау.
- Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында осы мектеп бағасында республикада алғаш рет өтпелі дәуірдегі жоғары оқу орны- Бөкей халық ағарту институты жұмыс істейді. Бірақ бұл институттың ғұмыры ұзаққа бармады, жаңа өкіметтің оған қажетті маман, керекті қаражат жағынан дұрыс көңіл бөлмеуі салдарынан ол жылдан соң, 1923 жылдан бастап педагогика техникумы, педагогикалық курс болып қайта құрылды. Кейіннен мектеп жалпыға бірдей орта білім беретін орта мектеп болып, өз білімін жалғастыра берді.
-

- Хан Ордасында 1841 жылы Жәңгір ханның ұйымдастыруымен қазақ даласында бірінші ашылған жаңа типтегі, ескі мұсылман мектептері мен медреселерінен ерекше екі сыныпты орыс-қазақ мектебінің төңкеріске дейін және одан кейін алғашқы ұлт кадрларын даярлауда ролі ерекше. Мектеп Жәңгір ханның қаражатына салынды. Жәңгір хан ұйымдастырған мектептің 165 жылға тарта тарихы бар. Жәңгір хан мектебінің түлектерінің ішінде қазақ халқының көрнекті ғалымдары, ағартушы-демократтары, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, белгілі өнер адамдарын көптеп кездестіруге болады. Атап айтқанда, ХІХ ғ.екінші жартысында өмір сүрген қазақтың көрнекті ғалымдары, ағартушы-демократтары Мақаш Бекмухамедовті, Мұхамед-Салық Бабажановты, Санкт-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірген Бақтыгерей Құлмановты, Сәлімгерей Жантуринді, ағайынды Батырқайыр, Әбділкәрім Ниязовтарды, Тарту университетінің түлегі Сәлімгерей Нұралихановты, Қазан университетінің заң факультетін бітірген Уәлихан Танашевті, Қазан, Саратов университетінің медицина факультетін тамамдаған Мажит Шомбаловты, Махмұт Шолтыровты, белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері Сейтқали Меңдешевті, Алма Оразбаеваны, халқымыздың алғашқы инженер қызы Мәдина Бегалиеваны, көрнекті ақындар Шәңгерей Бөкеев, Ғұмар Қараш және есімдері кеңес өкіметі емес, патшалық Ресей тұсында да танымал болған тұңғыш қазақ генералдары Ғұбайдолла Жәңгіров пен Рамазан Құрманалиевті, Шәкір Жексенбаевты осы Ордадағы Жәңгір мектебінің түлегі екендігін мақтан етеміз.

- Сонымен, бірінші қазақ мектебі сабақ орыс тілінде жүрген 1841 жылы Хан Ордасында ашылса, екінші қазақ мектебі 9 жылдан кейін, 1850 жылы Орынборда шекара комиссиясының жанынан үстем тап, яғни сұлтандардың, билердің және ауқатты қазақтардың балаларынан хат жүргізушілерді және аудармашыларды дайындау мақсатында ашылды.
- Қазақ халықының тұңғыш педагогы, ағартушы-демократы, ақын-жазушысы Ыбырай Алтынсарин осы мектепті бітірген. Балғожа би (Ыбырайдың атасы) немересі Ыбырайды 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін ашылған жетіжылдық мектепке оқуға береді. Оны Ыбырай 1857 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сөйтіп, ол математика, физика, биология, жағырафия, тарих, әсіресе орыс тілінен өз заманына сай терең де жан-жақты білім алады. Орынборда жас Ыбырайдың көрнекті ғалым, шығыстанушы, шекаралық комиссияның төрағасы В.В.Григорьевпен танысуы және оның тығыз қарым-қатынаста болуы Ыбырайдың дүниетанымы мен педагогикалық-ағартушылық көзқарасының қалыптасуына ерекше ықпал етті.

□

- *1864 жылы Торғай қаласында Ыбырай Алтынсарин ашқан тұңғыш мектеп*
- 1879 жылы Қостанай қаласының облыстық орталықтың құрылуымен мектеп ретінде тас ғимаратын құру туралы сұрақ шешілді. Мектеп құрылысы 1882 жылы басталды, ал 1884 жылы Троицк орыс-қазақ мектебі жаңа тас ғимаратына көшірілді және «Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі» деп атала басталды. Жабылу шегінде тұрған мектептің көшірілуі — Ыбырай Алтынсаринның тікелей еңбегі.



- *1884 жылы Ыбырай Алтынсарин құрған Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі*



e-history.kz

- *«Ыбырай Алтынсарин мектептің ашылуындағы» диорамасы*
- Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогикалық қызметінде оқушылардың тәрбие мәселесіне ғана емес, еңбек білімінің мәселелеріне-де үлкен назар аударып отырған, сондықтан ол Торғайда қолөнер училищесін ашты, кейін ол Яковлев училищесі деп аталды.



- ▣ *Торғайдағы қолөнер училищесі*
- ▣ Бастапқыда ол облыстағы барлық уездің қалаларында бір орталық училищеден ашуға шешім қабылдады, Торғай облысының ауылдары бойынша жүріп, халықтан қаражат жинады, содан кейін Илецк, Николаев, Торғай, Ырғыз уездерінде бір екі сыныптық орыс-қазақ училищеден ашты. Оларды оқушылар мен мұғалімдерге толтырды.



- *«Торғай қолөнер училищесінің оқушылары» диорамасы*
- Мектептерді ашпас бұрын Алтынсарин елді мекендердің аумақтық орналасуын, халықтың жиілігін алдын ала зерттеп отырды, содан кейін ғана мектептерді ашуға кірісті.
- Қазақстандағы әйелдер білім алуының басы Алтынсарин есімімен байланысты. Осы маңызды бастауда да ол патша өкіметі жағынан кедергілерге тап болды. ал Ырғызда қазақ қыздарына арналған интернаты бар арнайы мектеп ашылғанда, оның қуанышында шек болған жоқ.
- Уездік, болыстық, ауыл мектептерінің ашылуымен бірге, Алтынсариннің басты еңбектерінің бірі — бұл 1883 жылы Орск қаласында тұңғыш қазақ Мұғалімдер мектебінің ашылуы, онда қазақ мектептері үшін мұғалімдерді даярлады.
- 1887 жылы 10 желтоқсанда көрнекті ұстаз Қостанай уезінде Обаған бір сыныпты болыс мектебінде жеке алғашқы сабақтарын берді.



- ▣ *Обағандағы болыстық мектеп*
- ▣ Кейін мектеп орыс-қазақ училищесіне өзгертілді және 1940 жылы 7 шілдеде 2 курс құрамымен Меңдіқара қазақ педагогикалық училищесі ашылды. 1949 жылы училище қазақ халқының ұлы баласы — өзінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің есімімен аталды. 25 жыл өткен соң училищені Рудный қаласына көшірді, ал 1992 жылы Ы. Алтынсарин ат. Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжіне ауыстырды.